

1 қыркүйек күні сағат 09:00-09:45 уақыт аралығына 1 қыркүйек білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені» салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынға аудандық мәслихат депутаты Сейданов Талғат. Аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі, мектеп ата-аналар кеңесінің төрағасы Сарбасов Таңсықбай мырзалар қатысты. Салтанатты жиынды келген қонақтар мен мектеп директоры ашып, ән-бимен жалғасын тапты. Салтанатты жиын соңында оқушылар оқу кабинеттеріне кіріп, қонақтардың қатыстырылуымен бірынғай «Адалдық сағаттары» өткізілді.







<https://m.facebook.com/story.php?story>

04 қыркүйек күні мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасарларының жылдық жоспарына сәйкес, сынның белсенділерін сайлау, мектепшілік мектеп президентін сайлау және тағайындау іс-шарасы өткізілді. Мектеп президентін сайлау оқушылардың өз үндерін қосумен айқындалды.







Тілдер мерекесіне орай құндылықтарды насиҳаттау жұмысы бойынша мектеп тіл мамандары қазақтың өмірден елім жерім деп өткен бірқатар зиялы қауымдарын мектеп ұжымы және оқушыларының алдында таныстырып өтті.





29 қыркүйек күні терроризмге қарсы іс-шараларды өткізу тәртібін ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурызындағы №117 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористтік түрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористтік түрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қоргауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту» бүйрүгіна сәйкес, террорлық шабуылдың алдын-алу мақсатында оку жаттығу сабағы өткізілді.







Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің 06.09.2023 жылғы №4-04-2/5292-И хатына сәйкес және Түркістан облысы білім басқармасының 07.09.2023 жылғы №42-04-11/6775 "Тоғыз айдағы тоғыз іс-шара" тұжырымдамасына сәйкес мектебімізде 08 қыркүйек күні 12-00-де 1-11 сынып оқушылрымен және мектеп ұжымымен дене белсенділігін арттыру мақсатында "Дене сергіту" спорттық іс-шарасы өткізілді.





<https://m.facebook.com/story.php?story>



14.09.2023 жылы мектебіміздің ДТЖО А. Тлегенова Ұйымдастыруышы-педагог Ж. Махамбетова және Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерінің қатысуымен Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие тренингі өткізілді.






13.09.2023 жылы мектебімізде боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу, тақырыбында адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі бойынша Ата-аналар кездесу үйымдастырып іс-шара өткізілді.



«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында жас ерекшеліктеріне қарай 10-11 сыныптарға «Еңбектің наны тәтті» 5-9 сыныптарға «Сіздің балаңыз жаяу жүргінші» 1-4 сыныптарға «Жолда жүру ережелерін білесінбे?» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты қоғам игілігі үшін қызмет ету. Адал еңбекті құрметтеу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау болып табылады. Сондай-ақ өзінің отбасының сыныптың қоғамның бір мүшесі екенін сезінү.




04.09.2023 жылы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының мектеп инспекторларымен бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес, Төлеби АПБ ЖПКБ-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полиция капитаны Д. Өрнекбай мен полиция лейтенанты С. Амиров мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізді. Бірлескен жоспардың орындалуы барысында Республикалық "Жасөспірімдер" айлығының басталуы жас полицей көмекшілерін жасақтау, жол

қауіпсіздігінің алдын алу "Қауіпсіз жол", "Абайланыз балалар" тақырыптарында жиналыс өткізілді.



<https://m.facebook.com/story.php?story>

13.09.2023 жылы мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасарларының мектеп инспекторларымен біріккен жұмыс жоспарына сәйкес «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет» тақырыбында мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмысы барысында Төлеби АПБ ЖПКБ-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полиция лейтенанты Амиров Самат Қабланбекулы оқушыларға тәрбиелік мағынасы бар бірнеше мысалдар келтіріп, оқушылар санасына жеткіздірді.



12.09.2023 жылы мектебімізде Отбасы - бақыт бесігі тақырыбында ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу бойынша Әр сыныптың ата-аналар кеңесінің төрағалары мен төрайымдары арасында мектеп педагог-психологтарының жетекшілік етуімен тренингтер өткізілді.



02 қазан күні мектебімізге ауылдың қарияларын шақырып, ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сініру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелейтін бұл ашық тәрбие сағатында қарияларымыз тәрбиелік мағынасы бар баталы сөздерін айтты.







05 қазан күні тәрбие одағы мен сынып жетекшілерінің жетекшілік етуімен, мектеп бітіруші тұлектерінің ұйымдастыруымен "Ұстаз аты-мәңгілік Жадымда тұрар жаңғырып" тақырыбында 5 қазан мұғалімдер мерекесіне орай концерттік бағдарлама өткізілді.





<https://m.facebook.com/story.php?story>

11 қазан күні мектеп қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің қатысуымен және ата аналар кеңесінің төрағасы Сарбасов Таңсық көкенің қатысуымен мектеп тіл мамандарының ұйымдастыруымен Мектеп окушылары арасында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау бойынша 9-11 сыныптар арасында Абайдың әндерінен, сонымен қатар Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында әдеби-сазды кеш өткізілді.





Мектебімізде 24.10.2023 жылы 25 қазан Республика күніне арналған «Менің Отаным Қазақстан!» және Республика күніне орай жас ұлан, жас қыран ұйымына қабылдау кешіміз өткізілді. Іс-шараны мектеп директоры ашып ән бимен жалғасын тапты.





Мектеп ата-аналар кеңесінің мүшелерінің қатысуымен «Еңбегі адап жас өрен» жобасы аясында 4 сынып окушыларымен өткен «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабактастығын насиҳаттау сахналық қойылым байқауы өткізілді.







05.10.2023 жылы мектеп кітапханасында жергілікті ақын, жазушылардың және 1-11 сынып жетекшілерінің қатысуымен мектеп тәлімгері Н.Балатаева және Кітапхана менгерушісі М. Мейірбекованаң жетекшілік етуімен «Балалар кітапханасы жобасы» аясында Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың тұғанына 130 жыл толуына орай 5-8 сыныптардың қатысуымен әдеби кеш үйымдастырылды.



19.10.2023 жыл мектеп АКТ залында 5-7 сыныптар арасында «Алтын күз аруы» 2023 байқауы өткізілді. Байқау өз деңгейінде өткізіліп, байқау соңында жеңімпаздары мектеп грамотасымен марапатталып, және тәрбие одағының арнасы дайындаған сыйлықтары табысталды. Байқауға қатысқан барлық оқушылар дән риза болды. Байқауды тамашалауға байқауға қатысушылардың ата-аналары мектеп оқушылары көрермен болып отырды, байқауға қатысушыларға әділқазылар тарапынан әділ бағалар қойылды.










13.10.2023 жылы мектеп ДТЖО М. Тунгышбаевтың ұйымдастыруымен «Әкелер кеңесі» және ата аналар кеңесі мүшелерінің қатысуымен әкелер мектебі жобасы аясында «Әкем айтқан нақыл сөз» тақырыбында 9-10 сыныптарды қатыстыра отырып дөңгелек үстел өткізілді.



Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес , "Тоғыз айға 9 іс-шара" жоба аясында 25 қазан Республика күніне орай, 23 қазан күні сағат 12:00-де ұстаздар мен окушылардың қатысуымен "Әнұран айту" чөллендік өткізілді.



Салауатты өмір салтын ұстана отырып, тәрбие жоспарының жылдық жоспарына сәйкес «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш үйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында мектептің спорт алаңында оқушылар арасында футболдан турнир өткізілді. Футбол сонында жеңімпаздары марапатталды.






17.10.2023 жылы мектеп АКТ залында көпмәдинетті және көркем эстетикалық тәрбие бағытында «Төрт тоқсанға төрт өнер» «Ақындар айтысы» өткізілді.




10.10.2023 жылы мектеп АКТ залында ТО Дін істері басқармасы, «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бөлім басшысы Тоғай Айбек мырза мен Аудандық «Жастар орталығы теологы» Турта Дәурен мырзалармен «Жастар және жасөспірімдер арасында экстремизм мен терроризмнің алдын-алу» бойынша мектептің 8-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





Төлеби ауданы әкімінің орынбасары Л.Серікбаевтың 14.09.2023 жылғы №229-15/08-08/2742 санды хатына және білім бөлімінің экологиялық тәрбие бойынша жылдық жоспарына сәйкес, Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты "Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ-де 2023 жылғы 21 қазан күні Республика көлемінде сенбілік акциясына мектеп қызметкерлері мен "Өзін-өзі басқару" ұйымы мектеп ауласын, сонымен қатар акцияға қолдау көрсету мақсатында "Төлеби шатқалы" саябағына сенбілікке қатысып, тазалау жұмыстарын жүргізді. Акцияның мақсаты-экологиялық білімді арттыру және қоршаған ортаның ластануына жол бермеу. Айналаны қокыстан тазарту, салауатты өмір салты мен ерік-жігерді шындау.









<https://m.facebook.com/story.php?story>



«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) аясында қазак жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай мектеп кітапханасында орта буын оқушыларының қатысуымен іс-шара өткізілді. Қазақ даласының ең солтүстігінде жатқан Қостанай туралы айтылғанда, ең әуелі осы өңірден туып шыққан ұлы жаңашыл ұстаздар Үбірай Алтынсарин мен Спандияр Көбейұлы ойға оралады. Олардың еңбегі – ескі мен жаңаның арасын жалғаушы алтын көпір сияқты. Себебі, дәуірдің сұраныс, талабы осылай болды. Осы орайда мектеп кітапханашысы М. Мейірбекованаң жетекшілік етуімен орта буын оқушыларына Спандияр Көбеевтің өмір баяны туралы түсінік айтқыздырып, өлең шумактары жатқа айтқызылды.




Қ.Мамытов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2023-2024 оку жылында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылатын іс-шара жоспарына сәйкес, мектептің материалдық-техникалық жағдайын қамтамасыз етуге қатысты және басқа да түрлі себептермен педагог және оқушылар мен ата-аналардан қаржы жинауды болдырмау мақсатында жоғары сыныптар мен олардың ата-аналарын қатыстыра отырып, мектеп инспекторларын шақырып жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.






05.10.2023 жылы мектеп өзін-өзі басқару үйымымен бірігіп жоғарғы сынып оқушыларына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сыныптар арасында ақша жинамау мәселесі қозғалып, оның берер зардалтары түсіндірілді. Сонымен қатар зорлық-зомбылыққа жол жоқ екендігіде түсіндірілді.




06.10.2023 жылы мектебімізде ДТЖО М. Тунгишбаевтың үйымдастыруымен әр сыныптың әжелері ,ата-аналар комитетінің төрағасы Т. Сарбасовтың қатысуымен «Даналық мектеп» клубы жобасы аясында «Ырым-тиым-әдептілік негізі» тақырыбында жоғары сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.




Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында 30.11.2023 жылы мектеп оқушыларының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған «Оян ар мен адалдық» және «Адал ұрпак» клубтарымен таныстыру бойынша суреттер салынып, 8-11 сынып оқушыларымен кездесулер өткізіліп, парасатты азамат «Адал ұрпак» ерікті мектеп клубының бұрышымен таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 28.11.2023 жылы Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспары аясында "Ақ шағала би байқауы" - 2023 өткізілді. Талантты балалардың, талантын шындалп, қанат бітіріп, үлкен өнерге жол аштын байқауды мектеп директоры Е. Адылбеков ашып, оқушыларға сәттілік тіледі. Би байқауы екі тұрда өткізілді. Би билеуге деген оқушылардың ынта-ықыласы, құштарлықтары өте жоғары деігейде болды. "Ақ шағала" би байқауының соңында жеңімпаздары марапаталды.







<https://m.facebook.com/story.php?story>

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру ісін жетілдіру, өскелен үрпактың бойында Отанды қорғаумен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру күн тәртібінен тұсken емес. Мектеп алғашқы әскери дайындық пән мұғалімі Медеуов Сапарғали ағай әсіресе, қоғамдық мәселелерге, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеуде үнемі белсенділік танытып келеді. Өнір жастарымен «Айбынды жастар – Жаңа Қазақстанның тірегі» әскери-патриоттық акциясын өткізіп, өскелен үрпактың әскери-патриоттық тәрбиесіне елеулі үлес қосып отыр. Сондай-ақ, аға буын ерлік сабактарын, түрлі спорттық, танымдық іс-шаралар үйымдастырып, жастармен пікір алмасып жүр. Осы орайда 20 қараша күні мектебіміздің жоғарғы сынып оқушыларымен «Жас Сарbaz» қозғалысының тәрбиленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі өткізілді. Әскери-патриоттық әндер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Сондай-ақ мектебіміздің оқушылары облыстық «Айбын» әскери жарыстарынан, республикалық «Айбын» әскери жарыстарынан жүлделі орындармен марапатталды.




30.11.2023 жылы мектеп оқушыларына екі ауысымға екі рет сыйықша өткізіліп, әлімжеттік зорлық-зомбылық (Буллинг, кибер буллинг) бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар мектептің бірінші қабатында орналасқан 111 сенім телефонына хабарласуы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сені Ренжітті ме? Сені ұрды ма? Сені қорқытты ма? Мүмкін сенің досынды ренжіткен шығар? Мәтіндері жазылған баннерде 111 сенім телефондары толық көрсетілген.





Галамтор қауіпсіздігі жобасы аясында 28.11.2023 жылы мектебіміздің оқушыларына «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насиҳаттау, отбасы күніне арналған іс-шара өткізілді. Жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челлендждерді ұйымдастыру бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



22.11.2023 жылы мектеп өзін-өзі басқару үйымының үйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары сзызықшага тұрғызылып, бірінші тоқсандағы оқушылардың сабакқа қатысуы туралы талқыланды. Екінші тоқсан барысындағы оқушылардың сабакқа қатысу дәрежесін көтеру мақсатында мектеп президенті және мектеп президент орынбасарлары оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




23.11.2023 жылы Сен жанбасаң лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады? Осы мәселе төңерегінде мектебімізге арнай Шымкент қаласынан атбасын бұрып өз ауылымның тұрғындарына, өзімнің бауырларыма мамандық таңдау бойынша қол ұшымды берейін деген оймен, Зертас ауылымын тұмасы Ерегенов Әділет мырза келіп кетті. Ерегенов Әділет 6506 әскери бөлімінің автобат бөлімінің командирі подполковник щеніне дейін көтерілген. Оқушыларға мамандық таңдау бойынша толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткіздірді.



Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтарымен таныстыры бойынша мектеп жоғарғы сыйнып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.






«Енбегі адал жасөрен» жобасы аясында 1-4 сыныптар арасында «Әкеге-ізет, анаға –құрмет» тақырыбында, 5-9 сыныптар арасында «Ұлы дала перзентімін» Тақырыбында, 10-11 сыныптар арасында «Балалар кітапханасы жобасы» аясында «Жақұты барға жасын түспейді тақырыптарында 06.11.2023 жылы тәрбие сағаттары өтілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Достарына, сыныптастарына отбасы мүшелеріне қамкор болу, мейірімділік таныту. Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қоршаған ортасымен дұрыс қарым қатынаста болу.








Метебімізде 20.11.2023 жылы «Ұлттық мектеплигасы» жобасы аясында «Тоғызқұмалақ-day» ойынынан өткізілген спортық ойын және ұлттық ойындар сайысы өткізілді.









22.11.2023 жылы мектеп окушылары арасында шахматтан жарыстар үйымдастырылды. Ойын басталмас бұрын оның шығу тарихы түсіндірілді. Шахмат 6-шы ғасырда ежелгі үнді ойыны кезінде шыққан. Оның атауы ежелгі және орта ғасырлардағы үнділердің әдеби тілінен аударғанда шахматтағы пешка, ат, піл және ладья ұсынылған жаяу әскер, атты әскер, піл және соғыс арбалары кіретін «әскердің төр бірлігі» деген мағына беретіндігі түсіндірілді.





01.12.2023 жылы мектебімізде «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» Отбасылық байқау бойынша 5-7 сынып оқитын оқушылары бар ата-аналардан Әкем Аман және мен тақырыбында үлттық ойындардан эстафета ұйымдастырылып өткізілді. Отбасылық байқау соңында жеңімпаздар мараппатталды.






Мектебімізде 6.12.2023 жылы өткен психологиялық тренинг туралы





Мектеп инспекторымен өткен іс-шара туралы










<https://m.facebook.com/story.php?story>



21.12.2023 жылы мектеп оқушыларын сабак барысында тексеру кезінде мектеп қабырғасында оқитын Кашириндердің көңіл күйлерінің пәс екенін анықтап, отбасылық кикілжің болғаны туралы анықтадық. Кашириндердің сабаққа деген құлқы жоқ болғандықтан олармен мектеп педагог-психологы М. Тлегеноваға апарып психологиялық сауалнама жүргіздік. Мектеп әкімшілігі тарапынан топ құрылып Кашириндердің үй жағдайларын бақылап ата-аналарына педагогикалық қолдау көрсету мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.








11.12.2023 жылы мектебімізде «Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы» аясында «Көк тудың желбірегені» тақырыбында 4 сыныптармен сурет байқауы өткізілді. Сонымен қатар 8-11 сыныптар арасында 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай ашық тәрбие сағаттары өткізілді.










Мектепшілік есепте тұратын және катаң бақылауды қажет ететін окушылардың мектеп шараларына, үйірме жұмыстарына (спорттық, мәдени) үйірмелерге қатысуын бақылау бойынша өткізілген іс-шараасы. Іс-шараға мектеп инспекторы С. Амиров, мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгышбаев қатысты.



Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты “Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26.12.2023 жылғы Төлеби аудандық білім бөлімінің 22.12.2023 жылғы №229-18/07-04/2530 бүйріғы және Төлеби аудандық полиция бөлімінің 13.12.2023 жылғы №44-13-44-3-1-3/д-725 хаты негізінде мектептің 8-11 сынып оқушыларының және мектеп үжымының қатысуымен мектеп АКТ залында жиналыс өткізілді.



Төлеби АПБ ЖПҚБ - ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полиция аға лейтенанты Амирор Самат Кабыланбекулы мен полиция лейтенанты Өмірсеріков Бөгенбай Жарылқапұлы мектебімізге арнағы шақырылып, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша “Слова пацана. Кровь на асфальте” атты телехикаясына еліктемеуі мақсатында және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбиелік мағынасы бар түсіндірме жұмыстары жүргізілді.







<https://m.facebook.com-story.php-story>

ДТЖО М. Тунгышбаевтың ұйымдастыруымен педагог-психолог М. Тлегенованың жетекшілік етуімен сынып жетекшілері арқылы ата-аналарын қатыстырып, «Құмарлықта бой алдыру – тәуелділік құрдымы» жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары тақырыбында 8-11 сынып ата-аналары тренинг өткізілді.









Мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларының женгелерін қатыстыра отырып, «Даналық мектеп» жобасы аясында «Қыз-ғұмырдың құпиялары» дөңгелек үстел өткізілді. Женгелері қыз ғұмырының құпиялары туралы түсіндірме жүргізді.










Мектебімізде 27.11.2023 жылы «Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында арнай емхана қызметкерлерімен 8-11 сыныптар бойынша сыныптарына кіріп түрлі ауырулардың алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп медбикесі Э. Тастанова сонымен қатар қызылша ауыруларының таралуы бойынша, оның алдын алу шаралары бойынша, окушыларға тереңдетілген түсіндірме жұмыстарын жүргізді.








Мектеп дене шынықтыру пән мұғалімдерінің жетекшілік етуімен «Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында «9 айға 9 іс-шара» өткізу бойынша 8-9 сыныптар арасында спорттық жарыстар үйымдастырылды. Бастауыш сыныптар арасында шахмат, дойбы, стол теннисі ойындар өткізілді. Дене шынықтыру пән мұғалімдері Бекбергенов Аязбай ағай мен Құлбаев Біржан ағайлардың жетекшілік етуімен 6-7 сынып оқушылары волейболдан аудан мектептерінің жарысында 1 орынды иеленіп, облыстық жарыста 3 орынды қанжыгаларына байлаپ қайтты. Республикалық жарыста мектеп дене шынықтыру пән мұғалімдері Бекбергенов Аязбай, Құлатаев Сапар ағайлар асық атудан 3 орынмен марапатталды.






«Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні» «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу бойынша мектебімізге арнайы ішкі істер орган қызметкерлері шақырылып 8 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Сонымен қатар орта буын оқушыларына сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қазақ елі тәуелсіздігін ала алғандығы-қазақ халқының ғасырлыр бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы. Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Осы орайда 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбында іс-шара өткізілді.






<https://m.facebook.com/story.php?story>

27.12.2023 жылы өткізілген «Қош келдің жаңа жыл» мерекесінің мақсаты-окушылардың баға жетпес игілігі ретінде бірлік пен келісімді, балалар ортасында бірлік пен достықты қалыптастыру, патриоттық атмосфера мен қайталанбас естеліктер жасау.










12.01.2024 жылы ДТЖО М. Тунгишбаев, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерінің қатысуымен педагог-психолог М. Тлегенованың «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері, жасөспірімнің желідегі әрекеті тақырыбында ата-аналармен кездесу тренинг өткізілді. Кездесуге келген ата-аналар дән риза болып тарқасты.





09.01.2024 жылы мектеп АКТ залында мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгышбаевтың жетекшілік етуімен. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері жергілікті ішкі істер қызметкерлері Психолог М. Тлегенованаң қатысуымен Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, кудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу, дебаттар, даулар мәселесінде оқушылар арасында дебат өткізілді.



ДТЖО А. Тлегенова. Психолог М. Тлегенова. Кәсіптік бағдар беруші педагог Ж. Ануваровтың және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерінің қатысуымен 08.01.2024 жылы «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» тақырыбында мектеп оқушыларын қатыстыра отырып. Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сыйнып оқушыларының қауіпсіздігі бойынша **кездесу кеші** аудан көлемінде танымал азамат профессор Темірханов Музафармен кездесу үйымдастырылды.



Мектебіміздің педагог-психологы М. Тлегенованаң үйымдастыруымен 12.01.2024 жылы күмар ойындары – тәуелділік қақпаны балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады? 5-8 сынып окушыларымен өткізілген тренингі





23.01.2024 жылы 8-11 сынып оқушыларының қыздарымен откізілген сырласу кеші туралы



ДТЖО М. Тунгышбаевтың жетекшілік етуімен, кәсіптік бағдар беруші педагог Ж. Ануваровпен бірлесіп «Жеткіншектің жетіжарғы жобасы» аясында «Профите» мамандықтар әлемінде тақырыбында аудан көлемінде танымал Көксөек копсалалы колледжіне 9-сынып окушылары таныстырылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында 4 «а» сыныбымен ашық тәрбие сағаты өткізілді.




11.01.2024 жылы ДТЖО М.Тунгишбаевтың ұйымдастыруымен, мектеп әкімшілік қызметкерлерімен ақылдасып, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерімен дөнгелек стөл өткіздіріп пікір алмасу арқылы «Ата-аналар мектеп» жобасы аясында мектебімізде «Отбасылық таланттар» Отбасылық өнер сайысы өткізілді. Жарысқа қатысқан командаларға сыйлықтар берілді.






16.01.2024 жылы ДТІЖО М. Тунгышбаевтың, сынып жетекшісі Р. Пернебаеваның жетекшілік етуімен, 8 «ә» сыныбымен «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында туған өлке ақындарының шығармалары тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді



Мектебімізді 08.01.2024 жылы мектеп директорының тәрбие ісі жөнінен орынбасары М. Тунгышбаев. Тәлімгер Н. Балатаева ҚББП Ж.Исакова, және мектеп дene шынықтыру пән мұғалімдері спорттық үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық ойын- ұлтқазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы») асық ату, тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тартыс/сынып аралық спорттық сайыстары өткізілді.



10.01.2024 жылы көркем еңбек пән мұғалімі Б. Биболованың үйымдастыруымен «Еңбегі адаптацияның өзінде орналасқан жаңы мәдениеттік традициялардың мұнайшылықтарын сипаттаудың маңыздылығы» темасында «Ұлы әнертапқыштыққа алғашқы қадам» «Жас ғалымдар» байқауы өткізілді. Байқауға ДТЖО М. Тунгышбаев, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері, кәсіптік бағдар беруші педагог Ж. Ануваров қатысты.



02.02.2024 жылы мектебіміздің 5 сынып оқушыларымен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» тақырыбында 4 сынып оқушыларымен сайыс сабактар өткізілді.



Мектебіміздің көркем еңбек пән мұғалімі Б.Ахметовтың жетекшілік етуімен 7 «а» сынып оқушылары мен мектептегі «Адал ұрпақ» клубының жұмысын жандандыру мақсатында мектеп ауласында талдарға құстарға арнап он ұя жасап ілді. Оқушыларды адалдыққа шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында тәлім тәрбие беру.





<https://www.facebook.com/share/p/Rt>

Мектебімізде «Даналық мектеп» жобасы аясында Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі тақырыбында шеберлік сабағы өткізілді.






Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерінің қатысуымен «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету» кибербуллинг туралы ескерту бойынша кездесу кеші өткізілді.






15.02.2024 жылы «Әке ұлагаты» тақырыбында мектебімізде аудандық семинар өткізілді. Әкенің отбасындағы міндеті мен жауапкершілігін нығайту, отбасылық құндылықтарды сақтау, әкенің отбасындағы рөлін арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-аналардың жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмауға ықпал ету шараларын үйымдастырудың ықпалын күшету, ер баланы ұлттық рухта, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы тәрбиелеу және озық тәжірибелі тарату болып табылады.







Мектебімізде 06.02.2024 жылы ДТІЖО М. Тунгышбаевтың қатысуымен үйымдастырушы педагогтың м.у.а. Ж. Исакованың жетекшілік етуімен мектеп «Адал ұрпақ» клубының мүшелерінің қатысуымен «Құқықтық сауаттылық заман талабы» пікір сайысы өткізілді. Пікір сайыста сыйбайлас жемқорлыққа жол жоқ тақырыбында және құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыптарында дебат өткізілді.





<https://www.facebook.com/share-p-el>

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелерін, жергілікті ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында «Мектептегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында **кездесу кеші** өткізілді.



Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ -нің Төлеби АПҚ ЖПҚ ЮПТ мектеп инспекторының құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жоспарына сәйкес 2023-2024 оку жылынның 22.02.2024 жылы "Жол қауіпсіздігін сақтау", "Бала құқығы баршаға ортақ", "Менің құқықтарым, менің міндеттерім", "Абайлаңыз балалар" тақырыбында Төлеби аудандық полиция бөлімі ЖПҚБ -ның кәмлетке толмағандар істері жөніндегі УПИ полициясы аға лейтенанты Амирор Самат Қабланбекұлы және полиция капитаны Қалтаев Серік Қонысович әр сыныптар бойынша мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




«Қ. Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің үйымдастыруымен Зертас ауылдық мәдерниет үйінде 16.02.2024 жылы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мың алғыс, ...» тақырыбынан бастау алған ерлігім елдігім сыныптан тыс іс-шарасы өткізілді.





Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері жергілікті ішкі істер қызметкерлері ата-аналар мектебі жобасы аясында Сабырлылық – асыл қасиет тақырыбында дөңгелек үстел кеші өткізілді.



17.02.2024 жылы мектебімізде «Сен және Зан» тақырыбында «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында дөңгелек үстел кеші өткізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген жиналысты мектеп директоры Е. Адылбеков жүргіздіріп отырды.



27.02.2024 жылы ДТЖО А. Тлегенованың үйымдастыруымен педагог психолог Ж. Тасполатованаң жетекшілік етуімен Сенім арту - жетістік кепілі киын жағдайда баланы қалай қолдау керек? Тақырыбында 5-7 сыныптар арасында тренинг өткізді.



Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарихқа тағзым» тақырыбында мектепшілік жас ғалымдар жобасы өткізілді.

